

Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 140-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы № 23 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 наурызда № 27176 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.12.2022 № 518-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2022 № 142 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса берілген:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес аккредиттеу жөніндегі органға қатысты Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес салыстырып тексеру зертханасына (орталығына) қатысты Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органға және сынақ зертханасына (орталығына) қатысты Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция, Ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі Премьер-Министрінің орынбасары

_____ *А. Куантыров - Сауда және интеграция министрі*

_____ *Б. Сұлтанов*

"келісілген"

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуратурасының Құқықтық

статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 15 наурыздағы
№ 23 мен

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Сауда және
интеграция министрі
2022 жылғы 14 наурыздағы
№ 140-НҚ бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.12.2022 № 518-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2022 № 142 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-быттың 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін және тексеру парақтарының нысандарын қалыптастыру қағидаларына

(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы тәуекел – адамның өмірін немесе денсаулығын бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, оның зардаптарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) бақылау субъектілері (объектілері) – аккредиттеу жөніндегі қызметті, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды, өлшем құралдарын салыстырып тексеруді, сынауды, өнімнің, процестердің, көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын субъектілер (объектілер);

3) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шкалада өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерін қозғайтын, халықтың өміріне, денсаулығына зиян келтіру қаупінің туындауы үшін алғышарттар жасайтын Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

6) елеусіз бұзушылықтар – елеулі және өрескел бұзушылықтарға жатпайтын Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

7) өрескел бұзушылықтар – сәйкестікті бағалау құжаттарын және аккредиттеу аттестаттарын негізсіз беруге және (немесе) бермеуге әкеп соғатын, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қозғайтын, халықтың өміріне, денсаулығына зиян келтіру қатерлерін туғызатын Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметіне, салалық даму ерекшеліктеріне және осы дамуға ықпал ететін, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін факторларға байланысты сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – сәйкестікті бағалау және аккредиттеу саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшем шарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты тексерілетін бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшем- шарттары;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бұл ретте тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ететін, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең аз ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу жолдарының қолайсыз факторларының туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі қызметтің сәйкестікті бағалау және аккредиттеу саласында, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейіне енгізілген өзгерістерді және (немесе) осындай бақылау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, оларды сақтамау адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптардың тізбесі;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін сәйкестікті бағалау және аккредиттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын (Шешімдердің көп өлшемшартты талдауы) объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

5. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып, мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне байланысты жүзеге асырылады:

1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлардың, зиянның ауырлық ауқымы;

3) Жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

6. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізілгеннен кейін бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің үш дәрежесіне (жоғары, орташа және төмен) бөлінеді.

Аккредиттеу және сәйкестікті бағалау туралы заңнама саласында объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мынадай бақылау субъектілері (объектілері) жатады:

- 1) сәйкестікті растау жөніндегі орган;
- 2) сынақ зертханасы (Орталық);
- 3) тексеру зертханасы;
- 4) аккредиттеу жөніндегі орган.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне – аккредиттеу, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне – техникалық сарапшылар.

7. Жоғары немесе орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісінің (объектілерінің) қатынастарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар);

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулердің және профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

Қолда бар ақпарат көздері негізінде аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы мемлекеттік бақылау органы бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісінің (объектісінің) тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды барынша ықтимал тәуекелмен шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, талдау және бағалау кезінде бақылау нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты барып, оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

10. Салалық тәуекелдерді айқындау үшін ақпарат көздері бойынша тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға 1-қосымшада келтірілген.

Аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы бұзушылықтардың маңыздылық дәрежесі бойынша бөліп көрсетілген субъективті өлшемшарттары осы өлшемшарттарға 2-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығына сүйене отырып, 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31 – ден 70-ке дейін қоса алғанда-тәуекел дәрежесінің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0 – ден 30-ға дейін қоса алғанда-төмен тәуекел дәрежесіне дейін.

12. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

SP_3 - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеусіз бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

SP_n - елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 - елеусіз бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 - анықталған елеусіз бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша елеулі және елеусіз бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу жолымен айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

SP - тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 - елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n - елеусіз бұзушылықтардың көрсеткіші.

12-1. Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру кезінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің көрсеткіштерін есептеу осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу (R) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SP) және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SC) қосу жолымен, кейіннен деректер мәндерін 0-ден бастап 100 баллға дейінгі ауқымда қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{аралық} = SP + SC, \text{ мұнда}$$

Раралық – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте, мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жататын бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеме жиынтықты (іріктемені) құрайды.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0 ден 100 баллға дейінгі шкала бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i

– субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i

– x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 баллға дейінгі ауқымға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру мынадай формуланы пайдалана отырып, әрбір іріктеме жиынтық (іріктеме) бойынша жүзеге асырылады:

w_i

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}}$$

R – жеке бақылау субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктеме жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша ең жоғары ықтимал мән (шкаланың жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктеме жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі шкаласы бойынша мүмкін болатын ең төменгі мән (шкаланың төменгі шекарасы),

Раралық – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Ескерту. Өлшемшарттар 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

13. Бақылаудың адал субъектілерін көтермелеу және бақылауды бұзушыларға шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы мемлекеттік бақылау органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) және (немесе) тексеруге бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

14. Бақылау субъектілері (объектілері) тәуекел дәрежесі жоғары ақпараттық жүйені қолдана отырып, тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларында тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы мемлекеттік бақылау органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару немесе тексерулер жүргізу арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса;

3) Егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған "өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса.

15. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау

іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқау қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең төменгі жол берілетін шегі аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының
сәйкестікті бағалау саласындағы
аккредиттеу туралы
заңнамасының сақталуы
бойынша тәуекел дәрежесінің
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес бақылау

субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының атауы
қатысты Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына

№ р/с	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (жиынтығында 100 баллдан аспауы тиіс), w _i	1-шарт/ мәні	2-шарт/ мәні
1	2	3	4	5	
Барып профилактикалық бақылау үшін					
Аккредиттеу жөніндегі органға қатысты					
1	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай	100 балл	0	Жоқ болу фактісі

	шенберінде берілген ұсынымның орындалуы бойынша ақпарат ұсынбау	профилактикалық бақылау нәтижелері		0%	100%
Өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, тексеру зертханасына (орталығына), сәйкестікті растау жөніндегі органға және сынақ зертханасына (орталығына) қатысты					
1	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шенберінде берілген ұсынымның орындалуы бойынша ақпарат ұсынбау	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері	50 балл	0	Жоқ болу фактісі
				0%	100%
2	Аккредиттеу жөніндегі орган жүргізген жоспарлы және жоспардан тыс бағалаулардың, сондай-ақ аккредиттеу субъектісі қызметінің мониторингінің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының бұзу және аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкес келмеу туралы расталған мәліметтердің болуы	Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері	50 балл	0	1
				0%	100%

Қазақстан Республикасының
сәйкестікті бағалау саласындағы

аккредиттеу туралы
заңнамасының сақталуы
бойынша тәуекел дәрежесінің
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Барып профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрі орынбасарының - Сауда және интеграция министрінің 12.06.2023 № 222-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.06.2023 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/с	Талаптың атауы	Бұзушылық дәрежесі
Аккредиттеу жөніндегі органға қатысты сәйкестікті бағалау саласындағы Қазақстан Республикасының аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуына (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1.	аккредиттеудің негізгі кезеңдерін сақтау: 1) өтінімнің және ұсынылған құжаттардың болуы; 2) аккредиттеу алдындағы шарттың болуы; 3) ұсынылған құжаттардың сараптамасы; 4) орналасқан жері бойынша өтініш берушіні тексеру туралы растайтын құжаттардың болуы; 5) аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешімнің болуы; 6) аккредиттеу саласын бекіту және аккредиттеу аттестатын беру не аккредиттеу алдындағы шартты тоқтату. Қайта аккредиттеу кезінде аккредиттеудің негізгі кезеңдерін сақтау барлық көрсетілген кезеңдерді сақтай отырып жүргізіледі	өрескел
	аккредиттеу аттестатында ұйымдық-құқықтық нысанның атауын, аккредиттеу субъектісінің орналасқан жерін; аккредиттеу	

2.	субъектісі сәйкестігіне аккредиттелген нормативтік құжатты; аккредиттеу аттестатының тіркеу нөмірін; аккредиттеу субъектілерінің тізілімінде аккредиттеу аттестатының тіркелген күнін; аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімін көрсету	елеулі
3.	аккредиттеу саласына кіретін сәйкестікті бағалау объектілерінің тізілімінде болуы	елеулі
4.	тізілімде аккредиттеу субъектісі басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) болуы	елеусіз
5.	тізілімде аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу күні мен негізінің болуы	елеусіз
6.	тізілімде аккредиттеу материалдарын өзектендіру күні, негізі және аккредиттеудің өзектендірілген материалдары туралы ақпараттың болуы	елеусіз
7.	тізілімде жоспарлы және жоспардан тыс бағалауларды жүргізу күні мен нәтижелерінің болуы	елеусіз
8.	тізілімде кері қайтарып алу күні мен негізінің және кері қайтарып алынған аккредиттеу аттестатының қолданылуын қайта бастаудың болуы	елеусіз
9.	тізілімде аккредиттеу аттестатының қолданысын тоқтату күні мен негізінің болуы	елеусіз
10.	тізілімде аккредиттеу аттестатының күшін жою күнінің болуы	елеусіз
11.	тізілімде аккредиттеу аттестатының телнұсқасын беру туралы белгінің болуы	елеусіз
12.	тізілімде аккредиттеу аттестатын тоқтата тұру және одан айыру күні мен негізінің болуы	елеусіз
13.	аккредиттеу субъектілерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу	елеусіз
	интернет-ресурсты жүргізу және қолдау (онда аккредиттеу субъектілерінің тізілімін ресми жариялау және сәйкестікті бағалау	

14.	саласындағы аккредиттеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді орналастыру)	елеулі
15.	аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу және аккредиттеуден кейінгі шартты тоқтату туралы Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға жіберілген хабарламаның болуы	елеулі
16.	аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, аккредиттеу материалдарын өзектендіру туралы өтінімді қарау кезінде талаптар мен мерзімдерді сақтау	елеулі
17.	шағымдар мен апелляцияларды қарау және олар бойынша шешім қабылдау, қабылданған шешімдер туралы ақпаратты интернет-ресурста орналастыру	елеулі
18.	өтініш берушінің аккредиттеу жөніндегі органға мынадай құжаттарды ұсынуы: 1) аккредиттеуге өтінім; 2) өтініш берушінің заңды мәртебесін белгілейтін құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері; 3) мәлімделетін аккредиттеу саласы; 4) сапа бойынша нұсқаулық; 5) сәйкестікті бағалау саласындағы қызметтің мәлімделген бағыты бойынша паспорт; 6) сәйкестікті растау жөніндегі органдар үшін сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтер; 7) құрылымдық бөлімшелер және олардың құрылымы туралы ереже	өрескел
19.	өзектендіру себептерін негіздей отырып, аккредиттеу субъектісінің өтінімінің және өзектендіру кезінде өзгерістер енгізілген құжаттардың екі данасының болуы	елеулі
	аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу:	

20.	<p>1) аккредиттеу субъектісін қайта ұйымдастыру;</p> <p>2) аккредиттеу субъектісінің орналасқан жерін өзгерту;</p> <p>3) аккредиттеу субъектісінің атауын өзгерту;</p> <p>4) аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу саласын кеңейту немесе қысқарту туралы өтініші</p>	өрескел
21.	аккредиттеу субъектісінің құжаттарында көрсетілген нормативтік құжатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) жаңа нормативтік құжатты қолданысқа енгізу	елеулі
22.	бағалау жұмыстарын жүзеге асыратын мамандардың құрамы өзгерген кезде аккредиттеу материалдарын өзектендіру	елеулі
23.	өлшеу құралдары мен сынақ жабдықтарын ауыстыру кезінде аккредиттеу материалдарын өзектендіру	өрескел
24.	аккредиттеу жөніндегі органның құжаттарды олар түскен сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарауы	елеулі
25.	аттестат қайта ресімделген жағдайда аккредиттеу органының оң шешімінің болуы	елеулі
26.	ұсынылған құжаттарда және мәліметтерде дұрыс емес Ақпарат және (немесе) аккредиттеу саласын кеңейтуге қатысты ақпарат, сондай-ақ аккредиттеу субъектісін осындай шешім қабылдағаны туралы хабардар ету мерзімі анықталған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу материалдарын өзектендіруден бас тартуы туралы шешім	өрескел
27.	аккредиттеу материалдарын өзектендіру жөнінде қабылданған шешім туралы аккредиттеу субъектісіне жіберілген хабарламаның болуы жазбаша түрде шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде почта арқылы немесе факсимильді байланыс	өрескел

	арқылы және тиісінше өтініш беруші почта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламада белгі қойылған күннен бастап немесе факсимильді хабарлама жіберілген күні алынған болып есептеледі	
28.	аккредиттеу аттестатын қайтарып алған жағдайда аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу жөніндегі органға жазбаша өтінішінің болуы	өрескел
29.	сәйкестікті бағалау нәтижелерінің дұрыстығына әсер ететін аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкессіздіктер анықталған кезде аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуы	өрескел
30.	аккредиттеу жөніндегі орган белгілеген мерзімде аккредиттеу өлшемшарттарына анықталған сәйкессіздіктер жойылмаған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	өрескел
31.	аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуы аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтарға жол бергені туралы Мемлекеттік органның шағымында не хабарламасында көрсетілген фактілер расталған жағдайда	өрескел
32.	салыстырмалы сынақтардың анықталған теріс нәтижелерін және (немесе) өлшеу құралдарын тексеру нәтижелерін салыстыруды жоймаған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	өрескел
33.	аккредиттеу өлшемшарттарын бұзушылықтар анықталған кезде аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	өрескел
	сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін электрондық есепке алу жөніндегі мәліметтердің сәйкестігін бағалау (растау)	

34.	туралы құжатты берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде дәйексіз деректер ұсынылмаған немесе ұсынылған кезде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	елеулі
35.	аккредиттеу субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің қызметі бөлігінде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	елеулі
36.	аккредиттеу саласының, аккредиттеу субъектісінің бір бөлігін уақытша жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдау кезінде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	елеулі
37.	егер аккредиттеу өлшемшарттарына анықталған сәйкессіздіктерде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілері болған жағдайда тиісті шаралар қабылдау үшін аккредиттеу жөніндегі орган жинаған материалдарды техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға жіберу	өрескел
38.	аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімді аккредиттеу субъектісіне шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберу және өтініш берушінің пошта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасында белгісі қойылған күннен бастап алынған болып есептеледі	өрескел
39.	аккредиттеу субъектісі аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу	елеулі
	аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу аккредиттеу субъектісі аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап және аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу	

40.	аттестатын қайта бастау туралы шешім қабылдаған күннен бастап қайта басталған күннен бастап, бірақ аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан ерте емес	елеулі
41.	аккредиттеу жөніндегі органның анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы мәліметтерді растау үшін жоспардан тыс бағалау жүргізуі	елеулі
42.	аккредиттеу жөніндегі органның аккредиттеу аттестатын немесе аккредиттеу саласының бір бөлігін қайта бастау туралы не қайта бастаудан бас тарту туралы шешім қабылдауы аккредиттеу субъектісі сәйкессіздіктерді жою туралы мәліметтерді ұсынған күннен бастап, ал жоспарлы және жоспардан тыс бағалау жүргізілген жағдайларда - ол аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде	өрескел
43.	егер аккредиттеу жөніндегі орган аккредиттеу субъектісін өзінің шешімі туралы жазбаша хабардар етпеген жағдайда, аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап кемінде екі ай өткен соң қайта бастау	өрескел
44.	мынадай негіздер бойынша аккредиттеу аттестатының қолданылуын тоқтату: аккредиттеу субъектісінің жазбаша өтініші	елеулі
45.	өтініш беруші немесе аккредиттеу субъектісі аккредиттеуді алған кезде жалған ақпарат бергені анықталған жағдайда, аккредиттеу жөніндегі органның өтініші бойынша аккредиттеу аттестатының күшін жою	елеулі
46.	аккредиттеу жөніндегі орган басшысының аккредиттеу материалдарын қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау үшін аккредиттеу материалдарын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құруы	өрескел

47.	аккредиттеу субъектілері көрсеткен аккредиттеу саласындағы жұмыстардың, көрсетілетін қызметтер мен процестердің нәтижелерін аккредиттеу жөніндегі органның байқауы арқылы аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторингті жүзеге асыру	өрескел
48.	Техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға жоспарлы және жоспардан тыс бағалаудың тоқсан сайынғы нәтижелерін, сондай-ақ аккредиттеу субъектісі қызметінің мониторингін ұсыну	елеулі
49.	аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы жалпы өлшемдер мен қағидаларды белгілейтін мамандандырылған халықаралық ұйымдардың құжаттарын енгізуді және қолдануды қамтамасыз ету	өрескел
50.	зертханалардың тиісті зертханалық практика қағидаттарына сәйкестік дәрежесін бағалау және бастапқы деректер мен жазбаларды зертханалардың аралық және қорытынды есептеріндегі деректермен және жазбалармен салыстыру үшін тиісті зертханалық практика қағидаттарына сәйкестік мониторингі бағдарламасына енгізілген зертханалар қолданатын рәсімдер мен нормативтерге тексеру жүргізу мақсатында тиісті зертханалық практиканың сәйкестігіне мониторингті жүзеге асыру	өрескел
	аккредиттеу субъектілері қызметінің объектіге мониторингінің болуы: 1) заңды тұлғаның не оның атынан әрекет ететін заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесін растайтын құжаттардың болуы; 2) мәлімделген аккредиттеу саласында сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындауға	

51.	<p>мүмкіндік беретін персоналдың біліктілігін растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>3) сәйкестікті бағалау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе үй-жайларды, жабдықтар мен материалдық ресурстарды уақытша иелену және пайдалану құқығының болуы;</p> <p>4) аккредиттеу схемасын ескере отырып, олардың сәйкестігіне аккредиттелетін (аккредиттелген) нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі;</p> <p>5) сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды толық көлемде және аккредиттеу саласында бекітілген шектерде жүргізу</p>	өрескел
52.	<p>ұсынылған құжаттарды аккредиттеу жөніндегі органның талдау жүргізуі және құжаттарды ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде талдау нәтижелері туралы аккредиттеу субъектісін хабардар етуі</p>	өрескел
53.	<p>мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің деректер тізілімін пайдалана отырып, аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторингті жүзеге асыру</p>	елеулі
54.	<p>аккредиттеу жөніндегі органның ресми сайтында мониторинг нәтижелері туралы тоқсан сайынғы есептерді жариялау</p>	өрескел
55.	<p>аккредиттеу жөніндегі органның анықталған бұзушылықтар туралы ақпаратты техникалық реттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға мониторинг нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарының бұзылуы анықталған жағдайда жіберуі</p>	өрескел
<p>Өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қатысты (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)</p>		
1.	<p>аккредиттеу субъектілерінің аккредиттеу саласы шегінде жұмыстарды және олардың сәйкестігіне аккредиттелген</p>	өрескел

	нормативтік құжаттарды жүзеге асыруы	
2.	аккредиттеу саласы шегінде аккредиттеу субъектілерінің аккредиттеу аттестатына сілтемесінің болуы	өрескел
3.	аккредиттеу жөніндегі органның бекітілген аккредиттеу саласындағы қызметті тоқтату немесе алдағы тарату туралы хабарламасы	елеулі
4.	аккредиттеу өлшемшарттарына анықталған сәйкессіздіктерді жою	өрескел
5.	аккредиттеу субъектісінің аккредиттеу аттестатын аттестаттың қолданылуын тоқтату туралы шешім алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтаруы	өрескел
